

Қазақстан Республикасының ішкі су жолдары бойынша жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау, сатылатын жүктерді есепке алу мен олар үшін есеп айырысу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2005 жылғы 28 маусымдағы N 224-I Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 5 тамызда тіркелді. Трікеу N 3775. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 6 тамыздағы № 496 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011.08.06 № 496 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының ішкі су жолдары бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау ережесі;

2) Қазақстан Республикасының ішкі су жолдары бойынша жүктерді тасымалдау, сатылатын жүктерді есепке алу мен олар үшін есеп айырысу ережесі бекітілсін.

2. Су көлігі департаменті (Б.Қ.Уандықов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі Т.Б.Әбілғазинге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің міндетін атқарушының
2005 жылғы 28 маусымдағы
N 224 - I бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының ішкі су жолдары бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жолаушылар мен багажды тасымалдау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының ішкі су көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау тәртібін реттейді.

2. Осы Ереженің күші жолаушылар мен багажды тасымалдауды жүзеге асыратын барлық тұлғаларға таралады.

2. Жолаушылар мен багажды тасымалдау

3. Қазақстан Республикасының ішкі су жолдары бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау жолаушылар мен багажды тасымалдау шартының негізінде жүргізіледі.

4. Жолаушыларды тасымалдау, тасымалдаушы ұсынатын оның шарттарына, ұзақтығына, ұзындығына және сапасына байланысты мынадай түрлерге бөлінеді:

к ө л і к т і к ;
т у р и с т і к ;

экскурсиялық.

5. Жолаушылар мен багажды тасымалдау шарты тиісінше осы Ережеге 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша жол жүру билетімен және багаж түбіртегімен ресімделеді.

Экскурсиялық және туристік бағдарғылар бойынша жолаушыны тасымалдау шарты осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес жолаушылар тобын тасымалдауға арналған жол құжаты немесе билет нысанында ресімделуі мүмкін.

6. Ілеспесіз жол жүрген және билетсіз қалған балалар ең жақын портта (айлақта) ішкі істер органдарының кезекшісіне тапсырылады.

7. Жолаушының жүргені үшін және оның багажын тасымалдау үшін ақыны, жолаушы тегін алып жүретін, белгіленген норма шегіндегі қол жүгін қоспағанда, тараптар келісу бойынша немесе жолаушының жүруі және оның багажын жалпы пайдаланымдағы көлікпен тасымалдау кезінде тасымалдаушы белгілейді.

8. Билеттерді сату өзен вокзалдарының билет кассаларында жүзеге асырылады, ал кемеде отыру үшін бос орындар бар шартында бағдарғының аралық аялдау пункттерінде билет кассалары болмау, сондай-ақ 50 км аспайтын қашықтыққа жолаушылар мен багажды тасымалдауды жүзеге асыру кезінде

жолаушылар кемесінің нормаға дейін толтырылу жағдайында тасымалдаушы жүзеге асырады.

9. Өзен вокзалдарының билет кассаларында ағымдағы сатумен бірге билеттерді алдын ала сату жүзеге асырылады.

Билеттерді алдын ала сату үшін өзен вокзалдарының әкімшілігі немесе тасымалдаушы белгілеген тарифке сәйкес төлем (бұдан әрі - комиссиялық алым) алынады. Комиссиялық алымды төлеу комиссиялық алымды алушының атауы мен түбіртек берілген күн көрсетілген түбіртеппен расталады. Жазулар анық жазылады, ал билет беру күні компостермен немесе штемпельмен қойылады.

10. Алдын ала сату кассаларында билеттерді сату 7 тәулік бұрын басталады және кеме жөнелтілуіне бір тәулік қалғанға дейін аяқталады.

11. Ағымдағы сату кассаларында билеттерді сату кеме жөнелтілуіне дейін бір тәулік бұрын басталады және кеме жөнелтілуіне бес минут қалғанға дейін аяқталады.

12. Комиссиялық алым жеңілдікпен жүруге құқықтың бар болуына қарамастан өндіріліп алынады.

13. Комиссиялық алым өтеуге жатпайды.

14. Билет жоғалған және жолаушының өзен вокзалы әкімшілігіне немесе тасымалдаушыға кеме жөнелтілуіне дейін кемінде 3 сағат бұрын хабарлау және жолаушының билет сатып алуын тасымалдаушы, өзен вокзалы растаған факті жағдайында, билет төлем алусыз қайта берілуге жатады.

15. Жолаушы сатып алған билетін өзен вокзалы кассасына немесе тасымалдаушыға кеме жөнелтілуіне дейін қайтару кезінде оған өзен вокзалы әкімшілігі немесе тасымалдаушы көздеген алымдарды алумен билеттің төленген құны қайтарылады.

16. Жолаушы кемеге кешігіп келу жағдайында билеттерді қайтару кезінде билет құнынан 50 пайызға тең сома қайтарылады.

17. Жолаушылар кемесі жөнелтілуінің кідірісі немесе оның бару портына кешігіп келгені үшін (қалалық және қаламаңындық қатынастағы тасымалды қоспағанда), егер тасымалдаушы кідіріс немесе кешігіп келу оған байланысты емес іс-қимылдар салдарынан болғанын дәлелдемесе, тасымалдаушы кідіріс және кешігіп келудің әрбір сағаты үшін тасымал төлемінің үш пайыз мөлшерінде жолаушыға айыппұл төлейді.

Өндіріліп алған сома тасымал төлемінің мөлшерінен аспау тиіс.

18. Кеме жөнелтілуінің кідірісінен жолаушы жол жүруден бас тарту жағдайында оған жөнелту пунктінде төленген жол жүру құны толық мөлшерде қайтарылады.

19. Емдеу мекемесінің құжатымен расталған ауру нәтижесінде жолаушы жол жүруді аяқтау кезінде тасымалдаушы ауру уақытына жолаушы билеті күшінің

мерзімін ұзартады немесе билетті қайтару кезінде кеме жүрмеген жол бөлігі үшін тасымал төлемін қайтарады.

20. Техникалық себептер бойынша кеме қозғалысы бағдарғы бойынша мүмкін болмау жағдайында жолаушыларға сатылған билеттер жарамсыз кемеңі ауыстыру үшін тасымалдаушы ұсынған кемеді немесе осы бағдарғының басқа кемесінде жол жүруді жүзеге асыру үшін жарамды.

21. Жолаушы кемеге отырғызу кезінде тиісті ресімделген билетті және тұлғасын куәландыратын құжатты ұсынады.

22. Жолаушының оның тұлғасын куәландыратын құжаттағы тегі ұсынылған билетте көрсетілген тегіне сәйкес келмеген кезде, билетте тегі болмаған немесе түзетілген кезде жолаушы кемеге отырғызуға жіберілмейді.

23. Жолаушы багажды тасымалдауға күні бұрын тапсыруы тиіс.

24. Тасымалдауға өз көлемдері, орамасы және қасиеттері бойынша қиындықсыз тиелуі және кемеге орналастырылуы мүмкін заттар мен бұйымдар қабылданады.

25. Багаждың әрбір орны бейімделген болуы немесе оны тиеу, қайта тиеу және түсіру кезінде тасымалдауға мүмкіндік беретін құрылғысы болуы тиіс. Ыдысы немесе орамасы барлық тасымалдау уақытында заттардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

26. Бейне- және дыбыс аппаратурасы және ерекше сақтықты талап ететін басқа да ұйымдастыру ісі техникасы жол үстінде қайта тиеусіз тасымалдау кезінде сақталуы қамтамасыз етілетін орамада, ал қайта тиеу арқылы тасымалауға тек қатты орамада қабылданады (жәшіктер және торлар).

27. Бейне- және дыбыс аппаратурасын және басқа да ұйымдастыру ісі техникаларын тасымалдауды ресімдеу кезінде олардың орамасына үстінен немесе бүйір қабырғасының біріне "Абайлаңыз, телевизор" немесе "Абайлаңыз, компьютер" деген тиісті жазу жазылады.

28. Багажды ақаулы орамада тасымалдауға ұсынған кезде тасымалдаушы оны тасымалдауға қабылдаудан бас тартуы мүмкін.

29. Орамы багаждың жоғалуына немесе бүлінуіне қауіп тудырмайтын ақаулары бар багаж тасымалдау құжаттарында осы кемшіліктер туралы белгі соғылу арқылы тасымалдауға қабылдануы мүмкін.

30. Багаж портқа немесе жеткізу пунктіне келген кезде багаж түбіртегін және тұлғасын куәландыратын құжатты ұсынуы бойынша алушыға беріледі.

31. Порт немесе жеткізу пункті берілуі туралы жолаушы (алушы) талап еткен багаж келмеген жағдайда, багаж түбіртегінің екінші жағында, жеткізу мерзімі өткеннен кейін "Багаж келмеді" деген жазу жазады, жылы, айы және күні

белгіленген мөртабан соғады және жолаушыдан (алушыдан) багаждың келуі туралы оған хабарлама жіберу үшін мекен-жайы көрсетілген өтінішін алады. Бұл жағдайда хабарлама үшін ақы өндіріп алынбайды.

32. Табылған багаждың келгендігі туралы порт немесе жеткізу пункті ол келген күні жолаушыға (алушыға) хабарлама жібереді.

33. Егер порт немесе жеткізу пункті табылған багаждың келгені туралы жолаушыны хабардар етпесе, онда ол хабарлама жіберілгенге дейінгі багажды сақтаудағы мерзімі өткен күндер үшін ақы алу құқығынан айрылады.

34. Багажды жеткізу мерзімі багаж жөнелтілген кемеңіздің қозғалыс кестесіне сәйкес портқа немесе жеткізу пунктіне жүріп келу уақытымен анықталады.

35. Алушы 6 ай ішінде талап етпеген багаж белгіленген тәртіппен іске асырылуы тиіс. Талап етілмеген багажды сатудан түскен сома белгіленген тәртіппен тасымалдаушының кірісіне түседі.

36. Жолаушыдан, жүк жөнелтушіден, жүк алушыдан тасымалдауды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі түскен арыздарды тасымалдаушы үш күндік мерзімде қарайды, ол өткеннен кейін өтініш берушіні арызды қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы жазбаша хабардар етеді.

37. Тасымалдаушы багаждың жоғалуы, бүлінуі және жетіспеуі үшін, егер жоғалу, бүліну және жетіспеу оның кінәсынан болмағанын дәлелдесе, жауапкершіліктен босатылады.

Қазақстан Республикасының ішкі
су жолдары бойынша жолаушылар
мен багажды тасымалдау ережесіне

1-қосымша

Жолаушы билеті

Кеме	Кеме
Шығу порты	Шығу порты
Бару порты	Бару порты
N _____ к а ю т а N _____ орын	N _____ к а ю т а N _____ орын
Бағасы Шығатын күні	Бағасы Шығатын күні

Билет сериясы _____ N _____

Қазақстан Республикасының ішкі
су жолдары бойынша жолаушылар
мен багажды тасымалдау ережесіне

2-қосымша

Багаж түбіртегі

Кеме	Кеме
Шығу порты (айлағы)	Шығу порты (айлағы)
Бару порты (айлағы)	Бару порты (айлағы)
Бағасы	Бағасы
Шығатын күні	Шығатын күні

Түбіртек сериясы ____ N _____

Қазақстан Республикасының ішкі
су жолдары бойынша жолаушылар
мен багажды тасымалдау ережесіне

3-қосымша

Жолдама (топқа арналған билет)

Кеме	Кеме
Тасымал мақсаты	Тасымал мақсаты
Шығу порты	Шығу порты
Бару порты	Бару порты
Жолаушылар саны	Жолаушылар саны
N _____ к а ю т а N _____ орын	N _____ к а ю т а N _____ орын
Бағасы Шығатын күні	Бағасы Шығатын күні

Билет сериясы ____ N _____

Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникация

министрінің міндетін атқарушының

2005 жылғы 28 маусымдағы

N 224 - I бұйрығымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының ішкі су жолдары бойынша
жүктерді тасымалдау, сатылатын жүктерді және
олар үшін есеп айырысуларды есепке алу ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Жүктерді ішкі су жолдарымен тасымалдау ережесі (бұдан әрі - Ереже) жүктерді ішкі су көлігімен тасымалдау тәртібін анықтайды.

2. Осы Ереже ішкі су көлігі саласында қызметін жүзеге асыратын барлық жеке және заңды тұлғаларға таралады.

3. Жүктерді тасымалдау тасымалдаушы мен жүк жөнелтуші (жүк алушы) арасында жүктерді тасымалдау шартын жасау арқылы жүзеге асырылады, шартқа сәйкес тасымалдаушы шартта белгіленген мерзімдерде жүкті сақталу түрінде жеткізуге, ал жүк жөнелтуші (жүк алушы) жүкті келісілген көлемде беруге және тасымалдау үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

Жүктерді тасымалдау шартында жүктердің тасымалын ұйымдастырудың басқа да жағдайлары белгіленеді.

2. Тасымалдау үшін жүктерді ұсыну және қабылдау

4. Жүкті тасымалдауға қабылдау 1-қосымшаға және өзге де тасымалдау құжаттарына сәйкес көліктік жол құжаты бойынша айлақтарда жүргізіледі.

5. Жүктерді тасымалдау кемелік, жиналма және ұсақ жөнелтімдермен жүзеге асырылуы мүмкін.

Бір жөнелту пунктінде бір және одан астам жол құжаттары бойынша бір бару портына (айлаққа) немесе, егер кемеді жүктің бір партиясын екіншіден бөлуге талап етілмесе, кемені толық тиеу үшін жеткілікті санда көліктің аралық түріне беру үшін бір пунктке тасымалдауға ұсынған бір атаудағы жүктің немесе бір түрдегі көпшілік жүк партиясы (бір маркалы көмір, бір сұрыпты тұз және басқалары) кемелік жөнелтім болып есептеледі.

Тасымалдауға бір жол құжаты бойынша ұсынылатын, салмағы 20 тоннадан астам, бірақ кеменің толық тиелуіне жеткіліксіз сандағы жүк партиясы жиналма жөнелтім болып есептеледі. Жөнелтім жиналма мынадай жағдайларда болады, егер:

1) кеме толығымен әртүрлі атаудағы жүктермен немесе бір атаудағы жүктермен тиелгенде, бірақ әртүрлі бару пункттеріне;

2) жүк жөнелтушінің талабы бойынша және тасымалдаушының келісімі бойынша оған жүктерді әртүрлі жөнелту пункттерінде тиеу үшін бір бару пунктіне немесе көліктің аралық түріне тапсыру үшін кеме беріледі;

3) бір бару пунктіне бір атаудағы жүкпен тұтастай кемені тиеу, бірақ бір жүк партиясын екіншіден бөлумен бөлек жүк алушыларға;

4) бір жүк жөнелтуші бір бару пунктіне, жекелеген жүк атауларының салмағы 20 тоннадан кем болуына қарамастан, бір жол құжаты бойынша жалпы салмағы

20 тоннадан асатын әртүрлі атаудағы жүкті ұсынғанда.

Бір жол құжаты бойынша тасымалдауға салмағы 20 тоннадан кем ұсынылған жүк партиясы ұсақ жөнелтім болып табылады.

6. Тасымалдау кезінде жоғалу, жетіспеу, бүліну және бұзылудан сақтау үшін ыдысты (ораманы) талап ететін жүктер олардың толық сақталуын қамтамасыз ететін жарамды ыдыста (орамада) ұсынылады.

7. Жүк жөнелтуші жүкті тасымалдауға ұсынуға дейін жол жүруде оның тасымалдауға жарамдылығын және сақталуын қамтамасыз етеді. Жүкті тасымалдауға дайындау көлік құралдарының жүк көтерімі мен жүк сыйымдылығының және тиеу-түсіру жұмыстарының барынша пайдалануының талаптарын ескеру тиіс.

8. Жүк тасымалдауға ыдысты (ораманы) немесе, егер ол ыдыссыз (орамасыз) тасымалданса, сырттан көру бойынша қабылданады. Көру арқылы ыдыстың (ораманың) жарамдылығы, тасымалдауға жарамдылығы, таңбалардың, қойылған пломбалар орнының бар болуы және олардың жол құжатында көрсетілген деректерге сәйкестігі анықталады.

Егер, сырттан көру кезінде жолда жүктің жоғалу, бүліну, жетіспеу немесе бұзылу қауіпін тудыратын жетіспеушіліктер айқындалса, жүк оның сақталуын қамтамасыз ететін жай-күйге келтіруге дейін тасымалдауға қабылданбайды.

Барлық шамалы ақаулықтарды (пайдаланымда болған ыдыс (орама), жүктегі тот, ақау және басқалар) жүк жөнелтуші жол құжатында белгілейді.

9. Жүк салмағы жүк орындарында көрсетілген жалпы салмақты есептеумен таразыда өлшеу арқылы анықталады. Салмақты анықтау тәсілі жол құжаты мен жүкті тиеу-түсіру актісінде көрсетіледі.

10. Порт (айлақ) қоймасына бір жол құжаты бойынша жүкті әкелуді жүк жөнелтуші бір күн ішінде жүзеге асырады. Жүкті анағұрлым ұзақ мерзімде әкелуге тасымалдаушымен келісу бойынша рұқсат етіледі.

11. Порттың айлақтары жоқ пункттерде жүкті тасымалдауға қабылдауды кеме капитаны кеме бортында жүргізеді.

12. Тасымалдаушылар навигация ашылуына дейін жүктерді порт (айлақ) қоймаларында және жөнелту пункттеріндегі немесе қайта тиеу пункттеріндегі кемелерде оларды сақтау шартымен тасымалдауға қабылдау мүмкін.

13. Навигацияның ашылуына дейін тасымалдауға қабылданған жүктердің жол құжатында күнтізбелік штемпельден басқа "Жүк навигацияның ашылуынан кейін сақтау мен тиеу шартында қабылданды" деген белгі қойылады.

Навигацияның ашылуына дейін сақтауға қауіпті, тез бүлінетін және мұздануы мүмкін жүктерді қабылдауға рұқсат етілмейді.

3. Жол құжатын және тасымалдау құжаттарын ресімдеу

14. Жол құжаты жүк жөнелтуші жүкпен бірге ұсынатын негізгі тасымалдау құжаты болып табылады.

15. Жол құжатын жүк жөнелтуші бір жүк алушыға және бір бару пунктіне жіберілетін жүктің әрбір партиясына толтырады.

16. Бір жол құжаты бойынша мыналарды:

1) тез бүлінетін жүктерді;

2) олардың қасиеттері бойынша басқа жүктермен сақталуы рұқсат етілмейтін жүктерді;

3) ыдысты-даналы жүктермен ақтара тиеу немесе үйінді жүктерді тасымалдауды ресімдеу рұқсат етілмейді.

17. Жол құжаты қаламмен, сиямен, компьютерде ашық және анық толтырылады және оған жүк жөнелтуші қол қояды.

Жол құжатында тазартулар мен түзетулер жасауға жол берілмейді. Жүк жөнелтісуге түбіртекте бергеннен кейін тасымалдаушы жол құжатына енгізген мәдіметтердің өзгерістері мен толықтырулары келісіледі және тасымалдаушының қолымен және күнтізбелік штемпельмен расталады.

Жол құжатына барлық қосымшалар оның теріс бетінің үстіңгі бөлігіне берік тігілу тиіс.

18. Жол құжатын жасау кезінде жүк жөнелтуші мынадай бағандарды толтырады:

1) "Жөнелту порты (айлағы)" және "Бару пункті (айлағы)" - тиісінше жөнелту және бару порттарының нақты аттары көрсетіледі;

2) "Жүк жөнелтуші" және "Жүк алушы" - тиісінше жүк жөнелтуші мен жүк алушының толық атауы көрсетіледі;

3) "Жөнелтушінің жазулары мен белгілері" - жүк орындарына белгіленген айырма белгілері немесе реттік нөмірлер көрсетіледі;

4) "Орын саны" - жүктің әрбір атауы бойынша және ыдыстың (ораманың) әрбір түрі бойынша жеке жүк орындарының саны және жалпы орын саны көрсетіледі;

5) "Орындардың жиынтығы (ашып жазу)" - ашып жазумен орындардың жалпы саны көрсетіледі;

6) "Ыдыс (орама)" - ыдыстың (ораманың) түрі көрсетіледі. Жүкті ақтара тиеу немесе үйінді тасымалдауға ұсыну кезінде "ақтара тиеу" немесе "үйінді" деп көрсетіледі;

7) "Жүк атауы" - жүктің нақты және толық атауы көрсетіледі;

8) "Жүк салмағын жүк жөнелтуші белгілеген" - жүк жөнелтуші ақтара тиеу және үйінді жүктердің салмағын және ыдысты-даналы жүктердің брутто

с а л м а ғ ы н

к ө р с е т е д і ;

9) " _____ тиеу, _____ түсіру" -

қ ұ р а л д а р м е н

құралдармен қажет болған жағдайда жүкті тиеу-түсіру кімнің құралдарымен жүргізілгені көрсетіледі.

19. Жол құжатын жасау кезінде тасымалдаушы мынадай бағандарды т о л т ы р а д ы :

1) "N _____ жол құжаты" - жол құжатының нөмірі көрсетіледі;

2) "Жүкті әкелу _____ айының _____ күніне рұқсат берілді" - порт (айлақ) қоймалары арқылы жүкті ұсыну кезінде толтырылады;

3) "Жөнелту" - жүктің тасымалдауға жөнелтімнің қай түрімен (кемелік, жиналма және ұсақ) қабылдануы көрсетіледі;

4) "Кеме" - жүк тиелген кеменің нақты атауы, нөмірі және үлгісі (өздігінен жүзетін немесе өздігінен жүзбейтін) көрсетіледі;

5) "Тасымалдау қашықтығы" - су жолы бойынша жөнелту және бару пункттері арасындағы іс жүзіндегі және тасымал ақысын есептеу үшін алынатын е с е п т і к қ а ш ы қ т ы қ ;

6) "Жүк салмағын тасымалдаушы белгілеген" - тасымалдаушы ақтара тиеу және үйінді жүктердің салмағын және ыдысты-даналы жүктердің брутто с а л м а ғ ы н к ө р с е т е д і ;

7) "Кемені толтыру нормасы" - кемені толтырудың техникалық нормалары н е г і з і н д е т о л т ы р ы л а д ы ;

8) "Төлемдер" - тиісінше "Жөнелту және бару пункттерінде" деген бағандарда тасымал ақысының, сондай-ақ, тиеу, түсіру, сақтау және, егер олар осы тасымалдау кезінде есептелетін болса, басқа да операциялардың мөлшері к ө р с е т і л е д і ;

9) "Жөнелту немесе жеткізу кезінде алынды" - тасымалдаушы қол қойып растаған, жүк жөнелтушіден алынған толық жазылған сома көрсетіледі.

20. Жүк тасымалдауға қабылданғаннан және жүк жөнелтуші (жүк алушы) барлық төлемдерді төлегеннен кейін жол құжатының теріс жағының үстіңгі бөлігіне тасымалдау ресімделу күні көрсетіліп, порттың (айлақтың) күнтізбелік штемпелі қойылады. Осы жерге жүктің келуі туралы бару портының (айлақтың) күнтізбелік штемпелі қойылады.

4. Жүкті тиеу және түсіру

21. Жүкті кемеге тиеу және кемеден түсіру порттардың (айлақтардың) кеме тұрақтарында жүргізіледі.

22. Жүкті тасымалдау шартына сәйкес жүк жөнелтуші көрсетілген уақытта кемеге тиеу үшін жүкті ұсынады.

23. Порт (айлақ) иесі тиеу (түсіру) үшін жүкті алу кезінде 2-қосымшаға сәйкес жүкті тиеу (түсіру) актісін жасайды.

Жүкті тиеу жүкті тиеу және кемеді бекітудің техникалық шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Жүктің шөгуі бойынша жүк салмағын анықтау

24. Кеменің шөгуі бойынша жүк салмағы оның жүкпен бірге су шығаруы мен жүк операциялар кезінде балласт, слань астындағы және шаруашылық фекалдық сулардың кеме қоры санының, (отын, жағар май, ас суы) өзгеруін ескерумен бос болу айырмашылығы бойынша анықталады:

$$G = (D_r - g_r) - (D_0 - g_0),$$

бұл жерде G - жүк салмағы, т;

g_r және g_0 - тиісінше бос және тиелген жай-күйдегі балластың, слань астындағы және шаруашылық фекалдық сулар кеме қорының сомалық саны, т;

D_r және D_0 - бос және тиелген кеменің су шығаруы, т.

25. Орташа шөгуге байланысты кеменің су шығаруы шөгудің натуралық өлшеуді ескерумен жасалған жүк шкаласы бойынша анықталады.

26. Жүк операциялары алдында және соңында бос және тиелген жай-күйде кеме шөгуін өлшеу әрбір борт бойынша тереңдік маркалары бойынша үш жерде: кеменің алдыңғы, орта және артқы бөлігінде жүргізіледі.

Орта шөгу барлық өлшеудің сомасын те бөлумен анықталады, бұл ретте кеменің орта бөлігіндегі (мидельдегі) шөгу мәндері екі есе өседі.

27. Балластың, ал керек жағдайда отынның да салмағы кемеге жүкті тиеу мен түсіруге дейін мен аяқталу бойынша цистерналар толу деңгейлерін өлшеу нәтижелері және тиісті түзету кестелер бойынша анықталады. Қор салмағы, соның ішінде отынның және слань астындағы мен шаруашылық сулардың салмағы оларды қайта тиеу операциялары кезінде алу немесе слань астындағы мен фекалдық суларды тазарту станцияларына тапсыру жағдайында ғана ескеріледі.

6. Тез бүлінетін жүктерді тасымалдау

28. Тез бүлінетін жүктерге оларды тасымалдау кезінде белгіленген режимді ұстауды немесе оларды жоғары немесе төмен температуралардың әсерінен қорғау шараларын қабылдауды талап ететін жүктер жатады.

29. Тез бүлінетін жүктер тасымалдауға жарамды жай-күйде ұсынылу тиіс. Ыдыс (орама) жарамды, берік, таза болуы және ағын іздері жоқ болмау тиіс.

Тасымалдаушының талабы бойынша жүк жөнелтуші жүктің жай-күйін тексеру үшін стандарттар мен техникалық шарттарды ұсынады.

Тез бүлінетін жүктер тасымалдауға пакеттелген түрде немесе контейнерде әкеліну тиіс.

30. Жүк жөнелтуші тез бүлінетін жүктерді тасымалдау кезінде көлік жүкқұжатымен бірге олардың спасы мен пайдалану мерзімін растайтын құжаттарды ұсынады.

31. Тез бүлінетін жүктер тасымалдауға оларды тиеу үшін кеменің келу уақытын ескерумен қабылданады.

32. Егер құжатта көрсетілген тасымалдауға жарамдылық мерзімі осы Ережеде белгіленген немесе тараптар келісілген жүктерді жеткізу мерзімінен аз болса, тез бүлінетін жүктер тасымалдауға қабылданбайды.

Тасымалдауға сырттан тексеру кезінде айқындалуы мүмкін, бүлінудің айқын көрсеткіштері бар (шіру, зең, сулы дақтар, көгерген иіс, ашу, шырыштану, ыдыстан (орамадан) ағу іздері және басқалары) тез бүлінетін жүктер тасымалдауға қабылданбайды.

Жүктің ыдыс ішіндегі сапалық жай-күйі және оның тауарлық сұрыпы тасымалдауға қабылдау кезінде тексерілмейді.

33. Портта (айлақта) тез бүлінетін жүктерді сақтау үшін жабдықталған қоймалық үй-жайлар болмаған кезде жүк жөнелтушілер мен жүк алушылар жүктерді кемеге өз көлігімен әкеледі және, тиісінше, оларды кеме бортында алады.

34. Тез бүлінетін жүктер рефрижераторлық қондырғылармен жабдықталған кемелерде, сондай-ақ тасымалдау үшін арнайы жабдықталған басқа да кемелерде тасымалданады.

35. Тез бүлінетін жүктерді (мұздатылғандардан басқа - ет, қосалқы азық-түлік, эндокриндік шикізат, балық, балық еті, жеміс пен көкөніс, жұмыртқа өнімдері; салқындалатынғандардан басқа - мұзбен аралас ет, балық, сүзбе мен сүзбе өнімдері, оларды тоңазытқышта сақтағаннан кейін жұмыртқа; суытылған ет; сүт және кілегей, қаймақ, сары және қорытылған май) жабдықталмаған, басым өздігінен жүзетін кемелерде тасымалдау мүмкін. Осындай кемелерде тез бүлінетін жүктерді тасымалдау мүмкіндігі туралы жүктердің сапасын куәландыратын құжаттарда көрсетілуі тиіс.

Жүк жөнелтушінің талабы бойынша тасымалдаушы рефрижераторлық кемедегі температуралар журналын ұсынады, ал қажет болғанда одан көшірмені береді.

36. Тез бүлінетін жүктерді тасымалдау үшін арналған кемелердегі жүк үй-жайлары ұқыпты түрде тазалану, желдетілу, ал қажетті жағдайларда санитарлық тазартылу тиіс.

37. Мұздатылған және салқындатылған жүктерді тиеуге дейін рефрижераторлардың трюмдерін қарапайым жүктерді тасымалдау үшін белгіленген температурадан 2°C төмен салқындату қажет. Кемелерде мұндай жүктерді тиеу тікелей тоңазытқыштардан, арнайы вагондардан немесе автокөліктен кеметұрағында сақталусыз жүзеге асырылады. Осы тәртіппен бару пункттерінде кемелерден жүк түсіру де жүргізіледі.

38. Бару пункттерінде тез бүлінетін жүктерді түсіру мен беру басқа жүктер алдында басым жүргізілу тиіс.

39. Тез бүлінетін жүктерді түсіруден кейін кеме трюмдері қоқыстан тазартылуы, қажетті жағдайларда - ыстық сумен жуылуы, желдетілуі және санитарлық өңделуі, ал корпустың ішкі қапталуы мен пиллерстер - құрғақ сүлгімен сүртілуі тиіс. Ет және балық өнімдерін тасымалдаудан кейін трюмдер міндетті түрде жуылуы тиіс.

7. Жүктерді жеткізу мерзімдері

40. Жүктерді жеткізу мерзімдері жүкті тасымалдауға қабылдау күнінің 24 сағатынан бастап есептеледі.

Жүкті тасымалдауға белгіленген тиеу күніне дейін қабылдау кезінде жеткізу мерзімі осы жүк тиелуі тиіс күннің 24 сағатынан бастап есептеледі, ол туралы көлік жүкқұжатына белгі қойылады.

41. Жүктерді жеткізу мерзімі жөнелту пунктінен бару пунктіне дейінгі барлық қашықтық үшін есептеледі.

Шегінде жеткізудің әртүрлі мерзімдері белгіленген ішкі су жолдары бойынша жүктерді тасымалдау кезінде жеткізудің жалпы мерзімі әрбір учаске үшін бөлек есептелген мерзімдер сомасы ретінде белгіленеді.

42. Қосымша уақытты ескерумен белгіленген жүктерді жеткізу мерзімі тұтас тәулікке дейін алынады. Бұл ретте 0,5 кем тәулік қалдығы назарға алынбайды, ал тең немесе тәуліктен 0,5 астам қалдық бір тұтас тәулік ретінде қабылданады. Бару пунктіне жүк келу уақыты көлік жүкқұжатына тиісті штемпель басумен расталады.

43. Жүктерді жеткізу мерзімдері километрде (жол жүру нормасы) әрбір басталған қашықтыққа бір тәулік есебінен белгіленеді.

44. Белгіленген нормалар бойынша есептелген жүктерді жеткізу мерзімдері:

1) бір көлік жүкқұжаты бойынша салмағы 20 тоннаға дейін ұсақ жөнелтімдермен тасымалданатын жүктерді жинауға және жөнелтуге - 2 тәулікке;

2) өздігінен жүзбейтін кемелерде, сондай-ақ приставкалармен жұмыс істейтін өздігінен жүзетін кемелерде мұнай құю жүктерін тасымалдау кезінде құрамды жинауға және құруға - 2 тәулікке ұзартылады.

8. Жүктерді қайта жөнелту

45. Осы Ережеде қайта жөнелтуді тасымалдауға қабылданған және жөнелту пунктіндегі (айлақтағы), жолдағы немесе бару пунктіндегі жүктердің бару пункттерінің өзгеруі білдіреді. Осы Ереженің күші бару пунктіне өзертусіз жүк жөнелтушінің өзерісіне және алғашқы бару пунктінде түсірілген жүкті қайта жөнелтуге тарамайды.

46. Авария және авариялық оқиғалар болған жағдайларды қоспағанда, қайта жөнелтуге рұқсатты күту үшін кемелерді жолда ұстауға рұқсат берілмейді.

47. Жүктерді қайта жөнелту жүк жөнелтушінің (жүк алушының) талабы бойынша жүргізіледі.

Бұл ретте жүк жөнелтуші (жүк алушы) тасымалдаушыға мыналар көрсетілуі тиіс жазбаша өтінімін береді:

- 1) жүктің атауы мен салмағы;
- 2) көлік жүкқұжатының нөмірі мен кеме нөмірі;
- 3) жүк жөнелтуші және жөнелту порты (айлағы);
- 4) алғашқы бару пункті (айлағы);
- 5) жаңадан бару порты (айлағы) және жаңа алушының атауы;
- 6) қайта жөнелту себептері.

48. Қайта жөнелтілетін жүктерді әрі қарай тасымалдау үшін жаңа көлік жүкқұжаты жасалады.

49. Авария немесе авариялық оқиғалардың салдарынан, сондай-ақ кемелердің жиналуы мен тұрып қалуын алдын алу мақсатында жүктерді қайта жөнелту жүк жөнелтушінің (жүк алушының) келісімімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Осы жағдайларда жүктерді қайта жөнелту алғашқы көлік құжаты бойынша ресімделеді.

Көлік жүкқұжатында бару пункті (айлағы) немесе жүк жөнелтушінің атауы түзетіледі және, одан басқа көлік жүкқұжатының теріс жағында қайта жөнелту туралы белгі қойылады.

9. Жүктерді сақтау мен беру

50. Порттар (айлақтар) тасымалдауға қабылдаған немесе алушыларға беру үшін портқа (айлаққа) келген жүктер, сондай-ақ кемеден кемеге, кемеден вагонға немесе вагоннан кемеге қайта тиелетін транзиттік жүктер қысқа мерзімді сақталу үшін жабық қоймаларда немес ашық алаңдарда орналстырылады.

51. Навигациялық кезеңде порттардың (айлақтардың) жедел қоймаларында кемелерде тасымалдауға жататын жүктерді, сондай-ақ сұрыптауды, орауды, таңбалауды талап ететін жүктерді сақтауға рұқсат берілмейді. Ерекше температуралық режимнің сақталуын талап ететін тез бүлінетін жүктер порттардың (айлақтардың) қоймаларында оларды шығару үшін белгіленген мерзімдерден асырылмай сақталуы мүмкін.

52. Жүктерді жөнелту сәтіне дейін жинау қажеттілігісіз қабылданған олар портта (айлақта) тегін сақталады. Тиеудің белгіленген күнінен бұрын тасымалдауға немесе навигацияның ашылуына дейін тапсырылған жүктер жүктерді тасымалдау шартында белгіленген шарттарда сақталады.

53. Бару пункттеріне, қоймаларға және порттардың (айлақтардың) кеме тұрақтарына келген және түсірілген жүктерді жүк жөнелтушілер мынадай шекті мерзімдерде шығару тиіс:

1) 4 сағат ішінде:
жаңа кесілген гүлдер;
жаңа жиналған саңырауқұлақтар;
шие, қара шие және басқа да жаңа піскен жидектер, шабдалы;
ет жүктері (соның ішінде тазартылған құс, жаңа ауланған, тазартылған дала құсы, ет өнімдері), сойылған май және малдың ішкі органдары;
сүт (қоюландырылғаннан басқа) және кілегей;
балық (тірі, жаңа ауланған, мұздатылған), балық өнімдері жаңа ауланған және мұздатылған;

ыстық қақталған балық;
балықтың тірі уылдырығы және құртшабақтар;
тірі шаян мен устрицалар, крабтар-моллюскілер;
мұз;
ашытқы;
жарылғыш, улы және уландыратын жүктер;
2) 8 сағат ішінде:
қарбыз, картоп, қызылша және капуста қоспағанда, жаңа піскен көкөністер;
;

жүзім, алмұрт, өрік және шабдалының қоспағанда басқа жемістер;
жаңа сауылған сүтті қоспағанда, сүт тағамдары;
маргарин;

3) 12 сағат ішінде:
гүлдерді қоспағанда тірі өсімдіктер;
тірі жануарлар мен құстар;
түйірсіз, түйірлі, бөлшектенген уылдырық;
аз тұздалған балық, тұздылығы 8-12%;

сыра, сіріңке;
4) 24 сағат ішінде:

жарылғыш, улы, уландыратын жүктерді және сіріңкені қоспағанда қауіпті
ж ү к т е р ;

қарбыз, асқабақ, картоп, қызылша және капуста;
тері, өңделмеген жүн;

ш а р а п с п и р т і ;
алкогольсіз сусындар;

темекі, әк, утильшикізат және таралған жүн;
химия өнеркәсібінің өнімдері;

ф о с ф о р ;

5) 48 сағат ішінде:

тұздалған, ашытылған, сулатылған, қақталған көкөніс пен саңырауқұлақтар,
сондай-ақ повидло мен көкөністен жасалған пюре;

қақталған, маринадталған, сулатылған жемістер мен жидектер, жеміс пен
жидектен жасалған повидло, пюре және ашытылған нан, жеміс пен жидектен
ж а с а л ғ а н қ а й н а т п а ;

жоғарыда көрсетілгеннен басқа тұздалған, сүрленген, қақталған,
маринадталған, кептірілген балық пен балық өнімдері;

кондитерлік және ұн тағамдары;
ц е м е н т ;

топырақты құнарландыратын заттар;

6) 5 тәулік ішінде:

жоғарыда көрсетілген және үй заттарын қоспағанда, өзге де жүктер;

7) 30 тәулік ішінде:

үй заттары.

54. Жүктерді сақтау мен шығару мерзімдері тасымалдаушылардың
құралдарымен жүкті түсіру сәтінен бастап есептелінеді.

55. Жүк жөнелтуші құралдарымен өз айлақтарында түсірілген жүктер түсіру
аяқталған сәттен бастап жүк жөнелтуші қабылдады деп есептеледі.

56. Порт (айлақ) сақтауға қабылдаған жүктер мынадай ережелердің
сақталуымен қоймаға түсірілу тиіс:

1) бір жөнелтімнің барлық орындары штабельге, таңбаларды көру және
жүктің осы жөнелтімге тиістілігін жеңіл белгілеу мен жүк орындары санын
есептеу үшін олар сыртқа шығарылып орналастырылады; жекелеген
жөнелтімдер бір бірінен бөлек болуы тиіс;

2) штабель биіктігі жүк қасиеттерін, ыдыстың (ораманың) және қоймалық
алаңның шаршы метріне деген рұқсат етілетін жүктеменің беріктігін ескерумен
қ а б ы л д а н а д ы ;

3) қоймалар мен алаңдарда өтулер қалдырылу тиіс: штабель арасында - ені 1 метрден кем емес және қойма есігі алдында - есіктердің еніне тең; штабельдер мен қойма қабырғасы арасында - 0,5 метр;

4) жүктерді қоймалар мен ашық алаңдарда орналастыру кезде өрт сөндіру және темір жол өткелдері және портішілік механизация құралдарының (электр арбалар, штабель салушылар, автокарлар мен басқалар) еркін жүруі мен маневрлеуін де қамтамасыз ететін өтулері бос болу тиіс;

5) жүктерді жүк алушыларға қызмет көрсетуді жақсарту және жұмыс өндірісінің қолайлығы мақсатында оларды сақтау кезде олардың біртұтастығы, бағыты мен иелері бойынша топтау қажет.

57. Порттар (айлақтар) жүктер бұлінуінің алдын алу үшін кезең-кезеңмен жүктерді түгендеуді жүргізеді.

10. Сатылатын жүктерді және олар үшін есеп айырысуларды есепке алу

58. Жүктерді сатуды тасымалдаушы мынадай жағдайларда жүргізеді:

1) жүктерді сақтауға ерекше жағдайларды талап ететін жүктерді (тез бұлінетін) сақтау мүмкіншілігі болмаса;

2) егер жүк тасымалдау үшін жүкті тасымалдау үшін міндетті қабылдаудың мерзімі аяқталғанға дейін қабылданса және, Заңның 60-бабының 1-тармағында көрсетілген себептерді қоспағанда, рейс орындалуының ұзақ кідіргісіне байланысты кеме жолда тоқтатылса, тасымалдаушы жүк жөнелтушімен, жүк алушымен келісім бойынша шара қабылдайды;

3) егер жүк тасымалдау үшін жүкті тасымалдау үшін міндетті қабылдаудың мерзімі аяқталғанға дейін қабылданса және, Заңның 60-бабының 1-тармағында көрсетілген себептерді қоспағанда, рейс орындалуының ұзақ кідіргісіне байланысты жолда ұсталынса және төрт тәулік ішінде жүк жөнелтушіден, жүк алушыдан жүкпен не істеу керектігі туралы өкім түспесе.

59. Жүкті сату тасымалдаушы дербесе немесе сауда ұйымдары арқылы жүргізіледі.

60. Сауда ұйымдарына жүктерді тапсыру алынбаған жүктерді сату қоймалары а р қ ы л ы ж ү р г і з і л е д і .

Тез бұлінетін жүктерді осы жүктер орналасқан порттар (тасымалдаушылар) тікелей сатады.

61. Сату орнына жүктерді тасымалдау сату пунктіне қосымша жіберу ретінде және алғашқы көлік жүккұжатын қоса берумен жүргізіледі.

62. Жүктер құрамында тасымалдаушы мен жүк жөнелтушінің (жүк алушының) өкілі бар комиссия белгілеген баға бойынша тапсырылады немесе

сатылады. Жүктің бағасы туралы комиссия мүшелерінің қолы қойылған акті жасалады.

63. Жүктерді бағалау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салық төлемдерін ескерумен нарықтық баға бойынша жүргізіледі.

64. Жолда немес порттар (айлақтар) жүктерді сатудан түскен ақша қаражатының сомалары (бұдан әрі - сомалар) осы жүктер оған жеткізілмеген, көлік жүкқұжатында көрсетілген жүк алушыға (егер ол жүк құнын төлегенін дәлелдесе) немесе жүк жөнелтушіге төлеу үшін тасымалдаушының депозиттік шоттарына аударылады.

Тасымалдаушының төленген шоты немесе оны растайтын басқа да құжат алушының жүк төлемін төлегенінің дәлелі бола алады.

Ақша қаражатының осы сомаларынан тасымалдаушының пайдасына тиесілі, атап айтқанда сату, қосымша тасымалдар жөніндегі және басқа шығыстар, төлемдер алынады.

65. Көрсетілген соманы жүк жөнелтушіге (жүк алушыға) аудару мүмкіншілігі болмаса, осы сома бару пунктіне жеткізілмеген жүктің құнын өтеу туралы арыздарды ұсыну үшін белгіленген мерзімнен кейін тасымалдаушыда қалады.

Егер талап-қуыным немесе сот тәртібімен жүк жөнелтушіге (жүк алушыға) жүктің құны кейінінен өтелсе, тасымалдаушы осы соманы меншікті қаражат есебінен төлейді.

66. Алынбаған жүктерді сатудан түскен сомалар оларды жүк иесіне аудару мүмкіншілігі болмау кезінде тиеу-түсіру жұмыстары, сақтау және жүктерді сатуға байланысты басқа жұмыстардың шығыстарын жабу үшін тасымалдаушыда қалады.

11. Актілер жасау тәртібі

67. Жағдайға қарай, тасымалдау кезінде 2-қосымшаға сәйкес коммерциялық актілер және 3-қосымшаға сәйкес жалпы нысандағы актілер жасалады.

68. Коммерциялық акті:

1) тасымалдау құжатында көрсетілген деректерге жүктің іс жүзіндегі атауы, жүк массасы, жүк орындарының саны сәйкес болмау;

2) жүк жоғалу, жетіспеу немесе бұзылу (бүліну);

3) жүкті тасымалдау құжаттарсыз, сондай-ақ тасымалдау құжаттарын жүксіз анықтау;

4) ұрланған жүкті тасымалдаушыға қайтару жағдайында жасалады.

Коммерциялық актілердегі деректер тасымалдау құжаттарының, өлшеулердің, зертханалық анализдер нәтижелерінің және басқалардың негізінде көрсетіледі.

69. Жалпы нысандағы актілер осы Ереженің 68-тармағында көзделмеген жайларды куәландыру жағдайында жасалады.

Жалпы нысандағы актіге актіні жасау үшін негіз болған жайларды куәландыруға қатысқан тұлғалар, бірақ екі тұлғадан кем емес, қол қояды.

Актіні жасауға қатысатын тараптар оған қол қоюдан бас тартуы мүмкін. Актінің мазмұнымен келіспеу кезінде тараптар оған өзінің пікірін жазады.

70. Акті жасауды талап ететін жайлар анықталу бойынша актілер дер уақытта ж а с а л а д ы .

Коммерциялық актіні жасауға жүк ақаулығын анықтаған тұлға, жүк алушы (егер ақаулық оның көзінше анықталса) немесе порттан (айлақтан) немесе кемеден жүк қабылдайтын басқа да көлік түрінің өкілі, сондай-ақ порт капитаны немесе айлақ иесі, жүк жауапкершілігінде болған тұлға тартылады.

71. Егер жүк тұтастай немесе ішінара бұзылса немесе зақымдалса, жүк алушы жүкті порттан (айлақтан) шығарғанға дейін жүк бүлінуі немесе зақымдануы деңгейін анықтауды (сараптама жасауды) және коммерциялық актіні жасауды талап етуі мүмкін.

72. Акті жасауға себеп болған жайлар сипаттамаға жорамалдарды, болжамдарды, қортындылар мен нәтижелерді енгізусіз іс жүзіндегі барлық деректерді нақты жазумен сипатталуы тиіс.

73. Коммерциялық акті үш данада, компьютерде теріліп, қаламмен немесе сиямен қателер мен түзетулерсіз нақты жазылып, жасалады. Оны жасау кезінде барлық толықтырулар мен түзетулер жазылу және актіні жасауға қатысқан тұлғалардың қолдарымен бекітілуі тиіс.

Бірінші дана тасымалдаушыға беріледі, екіншісі жүк жөнелтушіге оның талабы бойынша беріледі немесе тасымалдау құжатына қоса беріледі, ал үшіншісі - порт капитанында сақталады.

Қазақстан Республикасының ішкі
су жолдары бойынша жүктерді
тасымалдау, сатылатын жүктерді
және олар үшін есеп айырысуларды
есепке алу ережесіне

1-қосымша

N _____ көлік жүкқұжаты

Жүкті _____ әкелу _____ айының _____ рұқсат етілді	Тасымалдау _____ қашықтығы: _____ Іс жүзінде _____ км
Жүкті _____ тиеу _____ айының _____ белгіленді	
Порт _____ бастығы _____ (қолы)	

Жөнелту _____					
Кеме _____ (атауы, нөмірі)					
Жөнелту порты (айлығы)				Бару порты (айлығы)	
Жөнелтуші (толық атуы)				Алушы (толық атуы)	
Жазулар мен белгілер					

Қазақстан Республикасының ішкі су жолдары бойынша жүктерді тасымалдау, сатылатын жүктерді және олар үшін есеп айырысуларды есепке алу ережесіне

2-қосымша

Коммерциялық акт

К ү н і _ _ _ _ _

N _____

Тиеу _____ порты _____

Түсіру порты _____

Жүк _____ жөнелтуші _____

Жүк _____ алушы _____

Жүкті _____ алушыға _____ беру _____ күні _____

Көлік жүкқұжатының N _____

Жүкті тексеру нәтижесі

Марка-лар , белгілер	Орындар саны	Орама түрі	Ж ү к атауы	Жүк массасы	
				жөнелту- шінің өтініші бойынша	тасымал- даушының өтініші бойынша
құжаттар бойынша белгіленгені					
іс жүзіндегі анықталғаы					

Жүк тексеру кезінде анықталғанның толық сипаттамасы

Қолы _____

Лауазымы _____

Қазақстан Республикасының ішкі
су жолдары бойынша жүктерді
тасымалдау, сатылатын жүктерді
және олар үшін есеп айырысуларды
есепке алу ережесіне

3-қосымша

Жалпы нысандағы акті N _____

күні _____

Жүк жөнелтуші				
Жүк алушы				
кеме	күні	койма	күні	
Тиеу порты		Түсіру порты		Дана саны
Маркалар м е н нөмірлер	Жүк атауы және орама түрі	Орындар саны	Көлік жүккү- жаты бойын- ш а масса	Көлік жүк құжаты N
Осы актіні жасау себебі				
			Қолы	